

УДК 78.071.1

Есмаганбетова, Ш.К.,

*Өнер кафедрасының аға-оқытушысы, ҚМПУ,
Қостанай қ., Қазақстан*

Кудебаева, Н. Ж.,

*«Музыкалық білім» мамандығының
4-курс студенті, ҚМПУ, Қостанай., Қазақстан*

XX-XXI ҒҒ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІБИ-ӘУЕСҚОЙ КОМПОЗИТОРЛАРЫ

Түйіні

Бұл мақалада тарихымыздағы қазақ ән-күй өнерінің дамуы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы жазылған. Ұлттық өнерімізді жаңғырту, жастарды өркендету, ұлттық мұрамызды сақтап, насихаттау жолдары атап өтілен. Мамандық аясында студенттермен жүргізілген елеулі тәрбиелік мәні бар іс-шаралар жайында айтылған. Сонымен қатар Қостанай облысы кәсіби-әуесқой композиторларының өмір жолдарынан қысқаша мәліметтер мен шығарма атаулары көрсетілген.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: рухани жаңғыру, болашаққа бағдар, заманауи, жаһандану үрдісі, ұлттық құндылықтар, композитор.

1. Кіріспе

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады. Мәселен, «Ауылым – әнім» атты әнді айтқанда, «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін» деп шырқайтын едік қой. Бажайлап қарасақ, бұл – мағынасы өте терең сөздер. Адам баласы шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі.

Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі. Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті.

Қай халық болмасын өзінің ұлттық өнері мен дәстүрін аса бір ыждағаттылықпен дамытып, оны жаңа дәуір, жаңа заман жаңалықтарымен сабақтаса отырып байытады. Қазақ халқының музыка саласында ең кең тараған – ән-күй жанры. Ән – табиғатынан халық тарихымен бірге туып өскен өнер. Ән күйді қазақ халық шығармашылығының шыңы деуге болады. Халқымыздың ғасырдан қалыптасқан фольклорлық мұрасы қазіргі кәсіби музыка салаларының дамуына тікелей ықпал тигізіп отыр.

Қазақ өнерпаздарымен тілдескен Август Эйхгорн өз еңбегінде: «Қазақ әндері құдыретті де күшті, өктем әрі сонымен бірге жатық, құлаққа жағымды естіледі, Ауылда болмаса мал арасында, немесе жапан түзде жым жырт аспан астында жалғыз келе жатып оның салған әні тіпті әдемі естіледі. Түнде де, күндіз де, таңертең де, кешке де, жазда да, қыста да – қашан, қай кезде болсын, қазақ қиялсыз жүрмейді, не ыңылдаған сарынмен көңіл күйін білдіреді, немесе ән салады, әйтпесе өлең шығарады, енді бірде шежірелік сөздерді мақалдап айтумен болады. Олардың қарапайым сөздері мен саздары айналадағы табиғатпен үндесіп

келеді де, оның сырт өмірден алған әсерін табиғи қалпында беріп, сезімдерін ешбір қалтқысыз айқын баяндайды» деп жазған.

Өзінің ән-күйлерімен тарихта із қалдырған композиторлар жайында бірер естеліктермен бөліссек деген ниетпен жерлес кәсіби-әуесқой композиторлар шығармашылығын жаңғыртқан жастар үлесі жайында айтпақпыз.

2. Материалдар мен әдістер

Торғай даласы тума таланттарға бай өлке екені әмбеге аян. Әсіресе ақын жырауларды көп деп тудырған мекен. Осындай өлең жырдан қайнаған ортасында өмірге келген өнер иесінің бірі.



Бақытжан Байқадамов (1917-1977) – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, композитор. Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген. Композитордың «Почташы», «Су тасушы қыз», «Домбыра», «Алма ағаштар жайнайды», «Кел, достар», «Теміртау жастарының әні», «Айгөлек», «Бөбегім» атты ойнақы әндері мен «Майра», «Тойбастар», «Он алты қыз» сияқты хорға арналған шығармалары дүниеге келген. Бақытжан Байқадамов Қазақстанда көп дауысты хор музыкасы жанрын қалыптастыруда ерекше еңбек еткен композитор. «Жайлауға», «Біз бейбітшілік үшін», т.б. хорға арналған сюиталар, вокалдық композициялар, хорға арналған көлемді поэмалар («Қыз арманы», «Айтыс», «Еңбек жемісі») жазған.

Композитордың хор капелласына арнап өндеп жазған: «Қара торғай», «Балқурай», «Жаяу Мұса», «Ғайни», «Бір бала-ай», «Ақ маңдайлым», «Ахау Семей», «Харарау», «Қыздар-ай», «Майра», «Он алты қыз», «Жариям-айдай», «Жеңеше», «Елигай», «Молдабай», «Құдаша», «Той базары», «Сәулем-ай», «Кәмила», «Балқадиша» т.б. халық әндері мен халық композиторларының әндері іргелі ұжымның күні бүгінге дейін репертуарынан кеңінен орын алған толымды шығармалар.

Сонымен бірге өзінің жеке туындылары да капелла репертуарына негіз болып: «Жар-жар біздің жаңаша», «Айгөлек», «Су тасушы қыз», «Почташы қыз», «Көкек», «Жайлау», «Біз отанды сүйеміз», «Би күйі», «Әліби Жангелдин туралы жыр», «Комсомолдар жыры» т.б. атты аралас хорға арналған туындылары репертуар көркіне айналды.

Б. Байқадамов шығармашылығы негізінен ән-хор жанрында кең қанат жайған. Қазақ кәсіби музыкасындағы осы саланың қалыптасу және даму жолы, композиторлардың шығармашылығы бағасы жетпес музыкалық асыл қазынаға айналды.



Әбілахат Смағұлұлы Еспаев (1925-1980) – 25 қазанда Қостанай қаласында дүниеге келген. Алматы консерваториясының (қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы) композиторлық факультетіне 1951 жылы оқуға түседі. Ә.Еспаев, негізінен, ән жанрында (ән, романс, хор, баллада) шығармалар жазған.

XX ғасырдың 50-70 жылдары отандық музыка өнерінің небір қарқынды дамып шарықтаған кезі болды десек, ән жанрында өндірте, жемісті еңбек еткен композитор орны ерекше. Оның «Аққуым», «Ақ сәуле», «Маржан қыз», «Қазақ частушқасы», «Шофер келді қырманға», «Қыз қуу», «Бейбітшілік сақталады», «Республика туралы жыр», «Торғай толғауы», «Жангелдин отрядының әні», «Солдат сәлемі», «Толқиды Тобыл», «Сағыныш екен бала кез», «Өзің де жігіт, қызықсың», «Қыз әзілі», «Жігіт жауабы», «Ұстазым менің, ұстазым», «Қайдасыңдар, достарым», «Орамал» т.б. әндері халыққа кең тараған.

Ә.Еспаев – 240-қа жуық әндер мен романстардың авторы, 8 спектакльге музыка жазған. Қ.Аманжоловтың «Досымның үйленуі», С.Адамбековтің «Күн мен көлеңке», Ә.Тәжібаевтың «Той боларда» спектакльдеріне және И.Байзақовтың «Ақбөпе» поэмасы бойынша радио қойылымға музыка жазды. «Ақсәуле», «Ортеке», «Аққуым», «Ұстазым менің, ұстазым» т. б. ән жинақтары шыққан.



Айтбай Мұздаханов – Қостанай облысы, Амангелді ауданының Қарасу ауылында дүниеге келген. Мәдениет саласына, ән-күй өнерін дамытуға зор үлес қосқан өнер иесі, бір туар тұлға. Күйлері табиғат сұлулығын, адамның жан дүниесін, жан сұлулығын асқақ сезіммен суреттеп бере алатын күдірет иесі күрделі өнер, дарынды күйші Айтбай Мұздахановтың шығармалары қайталанбас иірімдерімен танымал.

Күйші алғаш күйін – «Амангелді дүбірін» халық батыры Амангелді Имановқа арнап, еліне тарту еткен. Ұлы Отан соғысы тақырыбында жазылған «Ер есімі – ел есінде» күйі, «Балалы киік», «Сәтен күйі», «Домбыра сазы» шығармаларын және де «Ана туралы толғау», «Невада-Семей», «Бүркітті байрақ», деген күйлері ел арасында танымал болған.

Күйші-сазгер ағамыз шығармашылық уақытында 2 кітап, 60 күй, 40 шақты ән шығарып, туған халқына сыйлаған.



Болат Хамзин – 1938 жылы 18 мамыр күні Қостанай облысы Жанкелдин ауданында дүниеге келген. «Торғайдың Шәмшісі» атанған композитор өзінің әсем әндерімен, асқан күйшілігімен танымал.

Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясында білім алған. Ең алғашқы сазгерлік туындысы «Ұялмашы, Қалқатай». Ақын С. Серіков жас сазгермен «Қайдасың, шолпаным-жұлдызым», «Ленин комсомолы» әндерін көпшілікке ұсынды. Одан басқа «Орамал», «Жас Отау», «Амангелді ұрпағы», «Торғай қызы» әндерімен Б.Хамзиннің сазгерлік шығармасы елге кеңінен тарап кетті.



Қалибек Деріпсалдин – әнші-композитор, Амангелді ауданының тумасы. Композитор шығармашылығы кең тақырыпты қамтыған. «Өрімталдар жыры» балаларға арналса, «Қостанай», «Адамдар аққуларды атпандаршы», «Сары адырым» әндері отан, табиғатқа арналған, «Айлы түнде», «Сағыныш сазы», «Ерке құсым», «Көктем қыздар», «Қимадан ба едің қалқам ай» әндері лирикаға толы махабат тақырыбында жазылған. Ұлы жеңіс тақырыбына жазылған «Жеңіс» күйі ел қуанышын, отанға деген Қазақ ССР еңбек сіңірген мәдени қызметкері. Меценаттар клубының сыйлығын иеленген әнші дәл қазір зейнет жасында болса да ел тәуелсіздігімен түйедей құрдас Қостанай қаласының «Мирас» ұлттық аспаптар ансамблінде әлі күнге ән салып жүр.



Бақытжан Сауекенов – бала күнінен музыкаға жақын боп өскен. Өнердегі ұстазы Б. Хамзиннан музыка әліппиін алған. Ел арасында «Қазақ қызы», «Торғайым», «Достар» секілді әндерімен танымал композитор.

Алтынбай Сейітқасымов – белгілі композитор Жангельдин ауданы Шеген ауылында дүниеге келген. Ақтөбе қаласындағы Республикалық мәдени ағарту училищесінің халық аспаптар бөлімінде білім алған. Ел ішінде Алтай деп аталған. Балаларға арнап «Қара бұзау», «Тентекқара» әндерін шығарған. «Айналайын Торғайым», «Кінәлама», «Бала кезім-қаракөзім», «Сен менің жадымдасың», «Сағынышым қайда еді?» сияқты көптеген лирикалық әндердің авторы.



Композитор әндері ерекше мінезді, салмақты, байыппен айтылатын, көпшілігі туған жер, Отанға деген махаббатқа тақырыбында жазылған. Алтынбай Сейітқасымов – қайда жүрсе де туған жерін жүрегінің төрінде сақтап, оған жүрегінен шыққан нәзік әуендерін, жырларын арнаған композитор.



Қайырғали Әбішев – Алматыдағы П.И. Чайковский атындағы музыка училищесінің дирижер және домбыра сыныбын бітірген. Шығармашылығында 30-дан аса ән, 40-тан аса күй шығарған дарынды сазгер, күйші. Композитордың «Саржайлау», «Сағыныш сазы», «Той бастар», «Салтанат», «Ыбырай Желдірмесі», «Шашу», «Даулеткерей», «Ақшағала», «Дүбір» т.б көптеген күйлері бар. Туған жерге арналған «Сары дала махаббаттым», «Қа-

зақстан», «Кейкі батыр туралы ән» болса, балаларға арнап жазылған: «Жан еркем», «Сыңғырла қоңырау», «Мектебім», «Қаздар әні», «Балбөбек» т.б. әндерімен танымал. Ағамыздың өлең жолдары мен қара сөздері түрлі тақырыптарды қамтыған.

Соның бірі домбыраға арналған қара сөздері: «Шәкіртің болсын түсінетін, күйдің күшті құдыретін», «Анадан асар пенде жоқ, Ондай асыл жерде жоқ», «Ақылдының ақылы тұнық. Өсер болсаң ақылды ұғып».



Ерсайын Нарымбаев – ҚР құрметті спорт қайраткері, Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, Қонаев орденінің иегері Қазақстанға танымал әуесқой композитор. Әндері: «Алдыңнан терезенің жүріп өттім», «Бір-ақ күн еді», «Жанарсыз адам келеді», «Сырласқан қыздар қайда екен?», «Ерте солған гүлдер», «Бұрым туралы баллада».

1970 жылдары ол «Жазсам ба екен ...» әндер жинағын басып шығарды, 150-ден астам әндер шығарған. Әндері Отанға, махаббатқа, достыққа арналды.

3. Нәтижелер мен талқылаулар

Қостанай мелекеттік педагогикалық университеті 5B010600 «Музыкалық білім» мамандығы студенттерінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бір талай іс шараларға етене араласып жатқаны аян. Студенттердің күнделікті сабақтарында композиторлар шығармашылығымен танысып қана қоймай оны жастар арасында насихаттау басты міндет ретінде алынған. Осы мақсатпен сабақтан тыс тәрбиелік жұмыстар мен қалалық Ы.Алтынсарин атындағы, қалалық Л. Толстой атындағы кітапхана мен Е. Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясымен атқарылған кездесулер мен лекция, концерттер мен конкурстарға қатынасуда.

Б.Байқадамовтың туғанына 100 жас толуына Республика, облыс, қала бойынша композитор шығармашылығына арналған мерекелік іс шаралар Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінде де өткізілді. Атап өтсек, студенттер үйі мен факультет апталығында композитор шығармашылығына арналған «Әндей әдемі өмір» атты мерекелік лекция концерт өткізілді. Кеш аталған мамандықтың 3 курс студенттері мен факультет ұстаздары және қалалық Л. Толстой атындағы кітапхананың өнер бөлімі қызметкерлерімен бірлесе өткізілді. Бұл кеште С.А. Жақаева композитор өмірі мен шығармашылығына байланысты қызықты мәліметтер айтса, аталған кітапхана қызметкері Ш.Т. Шалгимбаева композитор туралы жарық көрген кітаптар мен шығармашылық басылымдарымен таныстырды. Факультет студенттер хоры композитордың хорға лайықталған шығармалары мен жеке дауысқа арналған әндерін орындады.

Қазақ еліне өзінің сезімге толы әнімен танымал болған композитор Қалибек Дерипсалдин әндері ел арасында жиі орындалуда. Композитор Қ.Дерипсалдиннің: «Менің мақсатым – Қазақстанда Қостанай облысының өнері мен мәдениетін насихаттау» екендігін «Көктем қыздар» атты Республикалық әншілер байқауында орындалған жергілікті композиторлар Ә. Еспаев, Б. Хамзин, А. Сейітқасымов, Б. Сауекенов әндерімен қоса сазгердің әндері орындалуымен дәлелденді. Атап өткендей бұл кеште тек композитор әндері ғана емес, жергілікті композитор әндерін дәріптеу басты назарға алынған. Байқауға жергілікті, республикалық әншілердің өнерін тамашалау студенттер үшін білімін ұштастырумен қатар, елге деген құрметке, патриоттық тәрбиеге бөлеуде.

Ұлттық музыкамызды ел арасында насихаттауда ән жырды халық жүрегіне жалғастыратын кәсіби ұжымдардың ұлан еңбегі анық. Осы жолда еңбек жасап келе жатырған Облыстық Е. Өмірзақов атындағы қазақ ұлт аспаптары оркестрінің бас дирижері, көркемдік жетекшісі Н. Молдахметов, дирижері Е. Уразалиннің басшылығымен концерттік бағдарламада жергілікті композитор әрі күйші А. Мұздахановтың оркестрге лайықталған шығармалары мен күйлері жиі орындалады. Ағамыздың бетке ұстар шығармаларының бірі «Тархан баба», «Қайратқа», «Амангелді дүбірін» т.б. оркестр репертуарынан орын алуы туған жеріміздің ұраны тәріздес, туған жерге деген сағыныш, досқа адалдықты және тарихымызға деген құрметті жырлайды.

Жақында қалалық Л. Толстой атындағы кітапхана қызметкерлерінің жетекшілігімен ҚМПУ студенттері, оқытушыларымен өткізілген жергілікті әуесқой композитор Ерсайын Нарымбаевтың шығармашылық кешін тамашалап, композитор әндерімен танысты. Бұл кештің басты тақырыбы жастарды өнерге тәрбиелеп, салауатты өмірге шақыруы композитор өмір елегінен алынған естеліктерден көрініс тапты. Композитордың айтуынша сөздердің мағынасы композитор үшін маңызды екенін атап өтті. Ерсайын Нарымбаев, өз кезегінде, жаңа жұмыс жасау үшін оған шабыттандыратын поэтикалық мәтін екенін атап өтті.

4. Қорытынды.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының түп мақсаты халыққа арналғанымен, жастарға деген үлесі басым. Қазіргі жаһандану үрдісі қарқынды жүріп жатқан заманда болашақ ұрпағымыздың ұлттық құндылықты сіңіруі аса орынды. Осы тұрғыда ел мәдениетіне аса құрмет көрсетіліп, жастар арасында қызығушылық тудыруда.

Елбасының бұған дейін де «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында» деген сөзі де әлі ықпалын жоғалтқан жоқ. Бұл сөздер ұрпақтан – ұрпаққа жалғасар мәдениетімізді дамытуда жастарға артар міндет іспеттес.

Ән күйін бойымызға сіңіре отырып, ұлттық тәрбие мектебінен ілім алған аға буындағы кәсіби-әуесқой композиторлар шығармаларын жастарға үйретіп, насихат жүргізу – ақталар борушымыз. ЖОО мамандыққа үйрету пәндерінде студенттер шығармашылық қоры аталған композиторлардың ән-күйімен толтырған.

Жастарды рухани тәрбиелеу барысында өткізіліп жатқан игі істер студенттерге рухани байлық сыйлап қана қоймай, қазақ музыка тарихының жаңа бір беті ашылғандай.

Әдебиеттер тізімі:

Бектемісов, А. Жүрек жылуы. Естелік-эсселер, публицистикалық ой толғамдар мен өлеңдер [Мәтін] / А. Бектемісов. – Алматы, 2015.

Сан қырлы өнер иесі [Мәтін]. – Қостанай анро. – Мамыр 2018.

Сазгер [Мәтін]. – Егемен Қазақстан, 2017.

Кеңес, Ә. Елім – мектебім, Халқым – ұстазым [Мәтін] / Ә. Кеңес.

Назарбаев, Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы [Мәтін] / Н.Ә. Назарбаев. – Астана. – 31 қаңтар 2017 ж.

Мәлімет редакцияға түсті: 25.09.2018

ЕСМАГАНБЕТОВА, Ш. К., КУДЕБАЕВА, Н. Ж.

ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ЛЮБИТЕЛЬСКИЕ КОМПОЗИТОРЫ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ XX-XXI ВВ.

В этой статье рассказывается о развитии казахской народной музыки в нашей истории, о программе духовного возрождения. Также подчеркиваются пути модернизации нашего национально-искусства, продвижения молодежи и сохранения национального наследия. Изложено о проведенных значимых образовательных мероприятиях со студентами в области специальности. Кроме того, показаны краткие сведения и названия карьерных направлений композиторов Костанайской области.

Ключевые слова: *духовное возрождение, взгляд в будущее, современный, процесс глобализации, национальные ценности, композитор.*

YESMAGANBETOVA, SH. K., KUDEBAEVA, N. ZH.

THE PROFESSIONAL AND AMATEUR COMPOSERS OF THE KOSTANAY REGION

This article describes the development of Kazakh folk music in our history, the program of spiritual revival. The ways of modernizing our national art, promoting youth and preserving the national heritage are also underlined. Are presented the significant educational activities conducted with students in the field of specialty. In addition, brief information and working names of career directions of amateur composers of Kostanay region are shown.

Key words: *spiritual revival, a look into the future, modern, the process of globalization, national values, composer.*